

«Гаухар» бөбекжай-бақшасы МКҚК



Тақырыбы:
«Тілім менің-ғасырларға аманат»
«Балапан» тобы

Өткізген : Илан Мешітханқызы.

2025-2026 оқу жылы

Тақырыбы: **Тіл** тірегіміз,соғып тұрған жүрегіміз!

Мақсаты: Балаларды ана тілінің қасиетін сезінуге,мәртебесін көтеруге баулып,танымдылық қабілетін арттыру.Тілді құрметтей білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: плакаттар, слайд

Пәнаралық байланыс: **Тіл дамыту**, көркем әдебиет,ән-күй

Әдіс-тәсілдер:аралас, түсіндіру, сұрақ-жауап.

Сабақтың барысы: Балалар әнмен екеу-екеу болып топқа кіреді.

Тәрбиеші: Балалар, бүгін ерекше күн екен.Балалар бүгін қандай мереке екенін құрастыру ойынын ойнайықшы. Карта ойыны

Балалар біз бәріміз бір үйдің балаларындай тату-тәтті доспыз.Қане,бір-бірімізге деген достығымызды нығайту үшін жақсы тілектер айтайықшы.

Балалар: Күніміз жарық болсын. Аспанымыз ашық болсын. Деніміз сау болсын. Еліміз тыныш болсын. Досымыз көп болсын. Балабақшамыз жайнап тұрсын. Нанымыз көп болсын.

Тәрбиеші: Ия,балалар,осындай жақсы көңіл-күйімізбен орындарымызға жайғасайық.

Тәрбиеші: Жарайсындар,балалар.Олай болса ерекше күнді құрастыру ойынын ойнау «Тіл-тірегіміз,соғып тұрған жүрегіміз», -деп бастайық.

Мақсатым балаларды ана тілінің қасиетін сезінуге, мәртебесін көтеруге баулып,танымдылық қабілетін арттыру.Тілді құрметтей білуге тәрбиелеу.

Тәрбиеші: Қане,балалар,біз қонағымызға мемлекетіміздің әнұранын айтып берейік.

Балалар әнұранды орындайды.

-Балалар,бұл қай мемлекет?

-Қазақстан Республикасы

-Бұл мемлекеттің бас қаласы қай қала?

-Астана қаласы

-ҚР Елбасы кім?

-Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев

-ҚРның мемлекеттік тілі қай тіл?

-Қазақ тілі

-Ана тілі туралы қандай тақпақ білесіңдер?

Алихан:Сүйемін өз тілімді,

Боласың білімді

Өз тілің үйретер,

Өнерді, ғылымды.

Хасан:Қазақстан халқының,

Қазақ тілі – тірегі.

Ана тілде айтылар,

Ән ұраны – жүрегі

1. Айдай: Ана тілім- ұраным,

Ана тілім-құралым.

Ана тілім болмаса,

Мықты болмас тұрағым.

3 Кенесары: Ақыл – ойын адамның,

Ана тілден аламын.

Ана тілім ардақты,

Ақ сүтіндей анамның.

- Жарайсыңдар,балалар.

Тәрбиеші: «Мақал-сөздің мәйегі» демекші туған тілімізге қатысты тіл өнеріне байланысты мақал мәтелдер айтайық.

Дәулет:Тіл жоқ жерде — ұлт жоқ.

Тәуекел:Ойы байдың — тілі бай.

Рамазан. Ана тілің алпыс тілге татиды.

Хамыза:Тілін білмейтіндер емес,
тілін білгісі келмейтіндер - мәңгүрт.

Бейбарыс:Тіл мәртебесі - ел мәртебесі.

Ильнар: Тіл - достықтың алтын көпірі.

Жандәулет:Халық үшін өзге тілде сөйлеу қауіпті емес,
өзге тілде ойлау қауіпті.

III Тәрбиеші: Халқымыз қашанда тіл өнеріне,шешендікке зор мән берген. Атақты билер,ақындар мен жыраулар ұйқастыра өлеңдетіп жырлаған

Тәрбиеші:Рахмет,балалар,енді барлығымыз орнымызда тұрып, сергіту би билеп берейік. Сергіту сәті.

Жұмбақ шешу

Құрастыру ойыны. Күн ойыны

Қорытынды.

Сұрақ-жауап Тәрбиеші:Балалар,бүгін бәрің сабаққа жақсы қатыстыңдар. Рахмет сендерге. «Қазақстанның болашағы-қазақ тілінде» деп айтқаныдай сендер осы ана тіліміздің мәртебесін биікке ұшыратын сұңқары, бәйгенің алдын бермес тұлпары болуларына тілектеспін.

Балалар:

Қол ұстасып тұрайық,

Шеңберді біз құрайық.

Көріскенше күн жақсы,

Сау саламат болайық.

Алихан: Сүйемін өз тілімді,
Боласың білімді
Өз тілің үйретер,
Өнерді, ғылымды.

Хасан: Қазақстан халқының,
Қазақ тілі – тірегі.
Ана тілде айтылар,
Ән ұраны – жүрегі

1. Айдай: Ана тілім- ұраным,
Ана тілім-құралым.
Ана тілім болмаса,
Мықты болмас тұрағым.

3 Кенесары: Ақыл – ойын адамның,
Ана тілден аламын.
Ана тілім ардақты,
Ақ сүтіндей анамның.

Дәулет: Тіл жоқ жерде — ұлт жоқ.

Тәуекел: Ойы байдың — тілі бай.

Рамазан. Ана тілің алпыс тілге татиды.

Хамыза: Тілін білмейтіндер емес,
тілін білгісі келмейтіндер - мәңгірт.

Бейбарыс: Тіл мәртебесі - ел мәртебесі.

Ильнар: Тіл - достықтың алтын көпірі.

Жандәулет: Халық үшін өзге тілде сөйлеу қауіпті емес,
өзге тілде ойлау қауіпті.

